**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 16 тамыздағы № 283 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 16 тамызда № 34938 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізілетін бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Көлік министрі* *М. Карабаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің
2024 жылғы 16 тамыздағы
№ 283 Бұйрықпен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 13 мамырдағы № 276 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6993 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және " Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау және жасау, сондай-ақ кемелерді жасау және оларға материалдар мен бұйымдарды дайындауды жүзеге асыру кезінде экологиялық қауіпсіздікті тексеру мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Кеме қатынасы тіркелімі" филиалы техникалық бақылауының нысанын , тәртібін, әдісін және көлемін, сондай-ақ "Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетудің тәртібін белгілейді."

2 және 3-1-қосымшалар осы тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Теңізде жүзу кітапшасының үлгісін, оны ресімдеу және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін

атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 156 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10661 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңізде жүзу кітапшасын ресімдеу және беру қағидаларында:

2-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11125 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті;".

6-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілген қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.".

4. "Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 512 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19057 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларында:

2-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерін беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 181 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20309 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерін беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Кемелерді жасауды және
материалдар мен бұйымдарды
дайындауды техникалық
байқау қағидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі" филиалы

Министерство транспорта Республики Казахстан

Филиал "Регистр судоходства Казахстана" республиканского государственного казенного предприятия "Қазақстан су жолдары" Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Республики Казахстан

№_______Тану туралы куәлік

Свидетельство о признании № _____

Осы құжат ____________________________________________________________

(кәсіпорынның атауы)

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі" филиалының (бұдан әрі – " Қазақстан су жолдары" РМҚК "ҚКҚТ" филиалы) Қағидаларын және Қосымшада көрсетілген қосымша талаптарын қанағаттандыратын жұмыстар мен қызмет көрсетулерді, өнім өндірушілер ретінде "Қазақстан су жолдары" РМҚК "ҚКҚТ" филиалымен танылатыны куәландырылады.

Настоящим удостоверяется, что ____________________________________

(наименование предприятия)

признается филиалом "Регистр судоходства Казахстана" республиканского государственного казенного предприятия "Қазақстан су жолдары" Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Республики Казахстан (далее – филиал "РСК" РГКП "Қазақстан су жолдары"), как производитель продукции, работ и услуг, указанных в Приложении, удовлетворяющих Правилам и дополнительным требованиям филиала "РСК" РГКП "Қазақстан су жолдары".

Бақылау нысаны: ____________________________________________

Форма наблюдения: __________________________________________

Өнім зауыт құжаттарымен жеткізіледі, оларда "Қазақстан Республикасының көлік министрлігінің "Қазақстан су жолдары" РМҚК "Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі " филиалының талаптарына сай" деп жазылу керек (өнім үшін).

Продукция поставляется с заводскими документами, в которых должно быть записано: "Соответствует требованиям филиала "РСК" РГКП "Қазақстан су жолдары" ( для продукции).

№ _____ Тану туралы куәлік 20___ жылғы "____" _____ дейін жарамды.

Свидетельство о признании № ____ действительно до "____" _____20___ года.

Осы Тану туралы куәлік 20___ жылғы "____" ________ дейінгі мерзімге растауға жатады

Настоящее Свидетельство о признании подлежит подтверждению в срок до "___" _ ______________20__ года.

Тану туралы куәлікті қолдану шарттары "Қазақстан су жолдары" РМҚК "ҚҚҚТ" филиалы мен кәсіпорын арасында белгіленеді.

Условия применения Свидетельства о признании устанавливаются между филиалом "РСК" РГКП "Қазақстан су жолдары" и предприятием.

Мөр орны

Место печати

Басшы _____________________

Руководитель ______________

(қолтаңба, подпись)

Берілген күні "____" _____________20______ ж. г.

Дата выдачи

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі" филиалы

Филиал "Регистр судоходства Казахстана" республиканского государственного казенного предприятия "Қазақстан су жолдары" Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Республики Казахстан

Қосымша №____Тану туралы куәлігіне

Берілді: ___________________________________________

Объекті: ___________________________________________

Орналасқан мекенжайы: ______________________________

Келесі жұмыс түрлері үшін:

Кәсіпорынның қызметкерлері мәлімделген салада қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тиісті білімі, кәсіби және арнайы дайындығы, біліктілігі және тәжірибесі болуы керек.

Кәсіпорын, ұлттық халықаралық және салалық стандарттарға сәйкес кадрлардың біліктілігі мен оқытуына, егер мұндай стандарттар болмаған жағдайда, кәсіпорын стандарттарына сәйкес жауап береді. Бұл талап кәсіпорынның құжаттарында белгіленуі керек.

Кәсіпорында мәлімделген салада қызметті жүзеге асыру үшін қажетті техникалық құралдар, оның ішінде белгіленген тәртіппен сертификатталған тиісті жабдықтар, құралдар мен құралдар болуы керек.

Компанияда мәлімделген салада қызметті жүзеге асыру үшін қажет жабдықтар, құралдар мен құралдардың тізімі болуы керек.

Кәсіпорында мәлімделген салада қызметті жүзеге асыру үшін қажет жабдықтар, құралдар мен құралдардың тізімі болуы керек.

Жұмыс түрлері "Қазақстан су жолдары" РМҚК "Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі" филиалының талаптарына сәйкес келеді.

Басшы

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Кемелерді жасауды және
материалдар мен бұйымдарды
дайындауды техникалық
байқау қағидаларына
3-1-қосымша

| "Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу |
| 2 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Кеме қатынасы тіркелімі" филиалы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | "электрондық үкіметтің" веб-порталы |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 10 (он) жұмыс күні |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Тану туралы куәлік немесе осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап |
| 7 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 156-бабының 1-тармағына сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.<br>Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "электрондық үкіметтің" төлеу шлюзі арқылы жүзеге асырылады. |
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 12.00-ден 13.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08.00-ден 17.00-ға дейін. |
| | | 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымды немесе сынақ зертханасын тану туралы өтінім; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 2) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем туралы түбіртектің электрондық көшірмесі.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады. |
| 10 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімі) болуы;<br>4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. |
| 11 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

| | | |
|---|---|---|
| | ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығында көрсетілген: 1414. |

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Теңізде жүзу кітапшасын
ресімдеу және беру
қағидаларына
2-қосымша

| Теңізде жүзу кітапшасын беру мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | Теңізде жүзу кітапшасын беру |
| 2 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Порттың теңіз әкімшілігі |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру мыналар арқылы жүзеге асырылады: Мемлекеттік корпорация;<br>"электрондық үкіметтің" веб-порталы - мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжде жауап беру жағдайында. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 2 (екі) жұмыс күні |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Мемлекеттік корпорация арқылы: теңізде жүзу кітапшасы. порталда: портал арқылы өтінішті берген кезде қызмет алушының "жеке кабинетіне" теңізде жүзу кітапшасының, оны алу күнін және жерін көрсете отырып дайындығы туралы мәртебе немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап жолданады. |
| 7 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызметтер көрсеткені үшін мемлекеттік баж алынады, ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж төленген күні белгіленген 3,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады. |
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес 13.00-ден бастап 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9.00-ден 18.30 -ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>3) Мемлекеттік корпорация – өтініштерді қабылдау және |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа көмек көрсету кезекші бөлімдері Кодекс ке сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.egov.kz порталында орналасқан. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) өтініш;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының бас киімсіз бейнесі бар ашық түсті фондағы цифрлық фотосурет;<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады. |
| 10 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімі) болуы;<br>4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| | | Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. |
| 11 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған: Министрліктің – www.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Шет мемлекеттің туын
көтеріп жүзетін кемені
Каспий теңізінің қазақстандық
секторында пайдалануға
рұқсат беру қағидаларына
2-қосымша

"Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру |
| 2 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Қызмет көрсету мерзімі – 9 (тоғыз ) жұмыс күні.<br>Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Егер ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталса, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды береді. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің ұсыну нысаны: электрондық түрде.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады. |
| 7 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көсетілетін қызмет тегін жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www. egov. kz порталында және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында ("Теміржол және су көлігі комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) орналастырылған. |
| | | Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат алуға өтінім.<br>Өтінімге мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі:<br>кеменің техникалық жарамдылығын растайтын сыныптау куәлігі немесе өзге де құжат.<br>Жолаушылар кемелері үшін қосымша:<br>жолаушылар куәлігі;<br>тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі*.<br>Екі мың және одан да көп тонна көлемінде мұнай тасымалдауға арналған кемелер үшін:<br>кемелерден мұнаймен ластанудан болған залал үшін азаматтық |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік*.<br>Ұқсас түрдегі бос қазақстандық, осы мақсаттар үшін шетелдік кеме тартылатын қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар кемелердің болуы негізінде рұқсат беруден дәлелді бас тартумен келіспеген жағдайда өтініш беруші мынадай қосымша құжаттарды қоса бере отырып, өтінім қайта енгізіледі:<br>1) танылған шетелдік сыныптау қоғамының еркін нысандағы қорытындысы (қазақстандық кеменің жұмыстарды жүзеге асыруға техникалық жарамсыздығын негіздеу қажет болған жағдайда);<br>2) тапсырысты орындау үшін қажетті кемеге жұмысқа тапсырыс берушісінің еркін нысандағы техникалық ерекшелігі.<br>Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармамен қамтамасыз етіледі. Нотариалды расталған аударманың электрондық көшірмесі шет тіліндегі құжатқа қоса беріледі.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады. |
| | | 1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) өтініш берушінің және (немесе) рұқсатты беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) өтініш берушіге қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы;<br>4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде өтініш беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. |
| 11 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығында көрсетілген: 1414. |

Ескертпе:

* кемелерден мұнаймен ластанудан болған залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлік Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 251-І бұйрығымен бекітілген тәртіппен беріледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1956 болып тіркелген), тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

Егер сыныптау куәлігін немесе кеменің техникалық жарамдылығын растайтын өзге де құжатты және жолаушылар куәлігін сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы

уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен танымаған шетелдік сыныптау қоғамы берсе, онда "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес танылған сыныптау қоғамынан растау қажет.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
және Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

"Қазақстан Республикасы
теңізшісінің жеке куәліктерін
беру" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
1-қосымша

| "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерін беру |
| 2 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің аумақтық органы — Порттың теңіз әкімшілігі |
| 3 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Көрсету мерзімі – 8 (сегіз) жұмыс күні |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап |
| | | Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін мемлекеттік баж алынады, ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес 5 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Төлем екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады. |
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.gov.kz интернет-ресурсында ("Теміржол және су көлігі комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер") және көрсетілетін қызметті берушінің үй-жайларында орналасқан стендтерінде орналастырылған. |
| | | 1) теңізшінің жеке куәлігін беру туралы өтініш-сауалнама (бұдан әрі – өтініш-сауалнама);<br>2) жеке басты куәландыратын құжат: Қазақстан Республикасының азаматы үшін – – Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат; шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы үшін – Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде консулдық есепке қойылуы туралы таңбасы бар Қазақстан Республикасы азаматының паспорты; Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматы үшін – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басты куәландыру ретінде танылатын азаматтығын мемлекеті берген көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат; Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар үшін – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының кеме бортында оның экипажы құрамында кез келген ретте жұмыс істейтінін растайтын құжат (жоқ болса дипломдар, маманның кәсіби дайындық деңгейіне сәйкестігін растайтын біліктілік және арнайы куәліктер, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша медициналық анықтама қабылданады);<br>4) көрсетілетін қызметті берушінің еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек кітапшасы, одан үзінді көшірме, жұмыс орнынан анықтама, теңізде жүзу кітапшасы) не оқу орнынан анықтама. Көрсетілетін қызметті алушының кемеде жұмыс істейтінін растайтын құжат ретінде көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттар ұсынады: Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме капитанын және экипаж мүшелерін жалдау құқығы бар кеме иесінің ұсынысы; кемеде көрсетілетін қызметті алушының айналысатын қызметі туралы жазбасы бар теңізде жүзу кітапшасы; Қазақстан Республикасының портынан шығатын кеменің кемелік рөлі ( ерекше жағдайларда, рейске |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шығатын кеме экипажының мүшесін ауыстыру қажет болған кезде);<br>5) көрсетілген мемлекеттік қызметті үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат. Көрсетілген құжаттармен бірге оның көшірмелерін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады. Құжаттардың түпнұсқасы салыстырып тексерілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. | |
| 10 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы; | |

| | | |
|---|---|---|
| | | 6) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. |
| 11 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті берушінің ғимаратында мыналар: анықтамалық бюро, күтуге арналған креслолар және өтініштер бланкілерін толтыру үлгілері бар ақпараттық стендтер орналастырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.gov.kz интернет-ресурсында ("Теміржол және су көлік комитеті " бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) және көрсетілетін қызметті берушінің үй-жайларында орналасқан стендтерінде орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " |

| | | |
|---|---|---|
| | | цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК